

## **Күндізгі білім беру нысандарында оқытындарға және тәрбиеленушілерге қала ішіндегі қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) жол жүрулеріне жеңілдік беру туралы**

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2011 жылғы 1 сәуірдегі N 38/4 шешімі. Қарағанды облысы Теміртау қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 25 сәуірде N 8-3-117 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңының 6 бабы 4) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес келтіру мақсатында, Теміртау қалалық мәслихаты

### **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Теміртау қаласының жеңілдік санаттағы күндізгі білім беру нысандарында оқытындарға және тәрбиеленушілерге (жазғы каникулдарды есептемегенде) 2011 жылы қала ішіндегі қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) құқығын растайтын құжаттар бар болғанда жүрулеріне жеңілдік белгіленсін:

1) Теміртау қаласының жалпы білім беретін оқу орындарының бірінші сыныптан сегізінші сыныпқа дейінгі сынып оқушыларына тегін жол жүру;

2) жалпы білім беретін оқу орындарының, кәсіби лицейлердің тоғызыншы сыныптан он бірінші сыныпқа дейінгі сынып оқушыларына, колледждер оқушыларына (тоғызыншы сынып базасында оқытындарға, бірінші және екінші курс оқушыларына) тиісті тарифтің 50 % төлеу;

3) кәсіби лицейлерде, колледждерде (он бірінші сынып базасында оқитын) және меншіктің барлық түріндегі жоғарғы оқу орындарының күндіз оқитын тұлғаларына тиісті тарифтің 50 % төлеу.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (төрағасы Владимир Павлович Дмитриев).

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Сессия төрағасы

Ф. Валеев

Мәслихат хатшысы

А. Аркатов

КЕЛІСІЛДІ

"Теміртау қаласының білім беру,

дене шынықтыру және спорт бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Б.Р. Рахимова

01 ақпандағы 2011 жылы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ